

Азаматтық қорғау органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің кәсіби қызметтік (кәсіби) және дене шынықтыру дайындығын ұйымдастырудың мазмұны мен қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2024 жылғы 2 ақпандағы № 34 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңының 36-бабының 3-тармағына, 5-бабының екінші бөлігіне, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 170) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.09.2025 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Азаматтық қорғау органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің кәсіби қызметтік (кәсіби) және дене шынықтыру дайындығының мазмұны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Азаматтық қорғау органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің кәсіби қызметтік (кәсіби) және дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр және тәрбие жұмысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне және Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр және тәрбие жұмысы департаментіне (Т.Ә. Балқыбеков) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр генерал-майор

С. Шәріпханов

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2024 жылғы 2 ақпандағы
№ 34 бұйрығына
1-қосымша

Азаматтық қорғау органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің кәсіби қызметтік (кәсіби) және дене шынықтыру дайындығының мазмұны

1. Осы Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің кәсіби қызметтік (кәсіби) және дене шынықтыру дайындығының мазмұны Қазақстан Республикасының "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңының 36-бабының 3-тармағына, 5-бабының екінші бөлігіне, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 170) тармақшасына сәйкес әзірленді және азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің (бұдан әрі – қызметкерлер мен әскери қызметшілер) кәсіби қызметтік (кәсіби) және дене шынықтыру дайындығының (бұдан әрі – кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығы) мазмұнын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.09.2025 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға, азаматтық қорғанысты ұйымдастыруға және жүргізуге, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды жүргізу үшін қызметкерлер мен әскери қызметшілердің кәсіби білімі мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

3. Қызметкерлер мен әскери қызметшілердің кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығының міндеттері:

1) қызметтік міндеттерді табысты орындауды қамтамасыз ететін білікті және тиімді іс-қимылдарға оқыту;

2) азаматтық қорғау органдарының қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеу, сондай-ақ оларды қызметтік міндеттерді жүзеге асыру кезінде практикалық қолдану;

3) қызметкерлер мен әскери қызметшілердің қызметтік жұмысының ерекшелігін ескере отырып, кәсіби сананы, жауапкершілік сезімін, кәсіби шеберлікті ұдайы жетілдіруге ұмтылысты қалыптастыру;

4) төтенше жағдайларға жедел ден қоюға, азаматтық қорғанысқа және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге тұрақты әзірлікті қолдау;

5) психологиялық тұрақтылықты қалыптастыру, байқағыштықты, қырағылықты, есте сақтауды, ойлауды, дағдыларды және кәсіби-психологиялық қасиеттерді дамыту;

6) өрт, авариялық-құтқару техникасын, өрт-техникалық қару-жарақ пен жабдықты қолдану дағдыларын жетілдіру;

7) өрт-құтқару даярлығы, авариялық-құтқару жұмысы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, қауіпсіздік техникасының алдын алу және оларды жою бойынша іс-шаралардың профилактикасы бойынша дағдыларды жетілдіру болып табылады;

8) қызметкерлер мен әскери қызметшілердің кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығының деңгейін айқындау;

9) қызметкерлер мен әскери қызметшілердің сыныптық біліктілігін айқындау.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қызметкерлер мен әскери қызметшілерді кәсіби қызметтік дайындау мыналарды қамтиды:

- 1) арнайы даярлық;
- 2) әлеуметтік-құқықтық даярлық;
- 3) психологиялық даярлық;
- 4) саптық даярлық.

5. Қызметкерлер мен әскери қызметшілердің кәсіби дене шынықтыру дайындығы мыналарды қамтиды:

- 1) дене шынықтыру дайындығы;
- 2) өрт-құтқару дайындығы.

6. Арнайы дайындық қызметкерлер мен әскери қызметшілердің тікелей кәсіби қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеуіне бағытталған.

7. Әлеуметтік-құқықтық дайындық қызметкерлер мен әскери қызметшілер арасында тәртіп пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, сондай-ақ әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге, әлеуметтік қорғалу деңгейін айқындауға, қызметкерлер мен әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғауды жүзеге асыру бойынша басқарушылық шешімдердің орындалуын ұйымдастыруға бағытталған.

8. Психологиялық даярлық қызметкерлер мен әскери қызметшілердің қызметтік жұмыстың кез келген жағдайларында кәсіби сауатты іс-әрекетке дайындығын қалыптастыруға, қызметкерлер мен әскери қызметшілердің қызметтік жұмысты жүзеге асыру кезінде туындайтын стресс факторларының теріс әсеріне психологиялық

тұрақтылығын арттыруға, қызметкерлер мен әскери қызметшілердің штаттық және экстремалды жағдайларда қызметтік міндеттерді тиімді шешуге ықпал ететін психологиялық қасиеттерін, дағдылары мен іскерлігін дамытуға бағытталған.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Саптық дайындық қызметкерлер мен әскери қызметшілерде саптық дағдыларды қалыптастыруға және патриотизмге тәрбиелеуге бағытталған.

10. Дене шынықтыру күнделікті қызметтің қысылтаяң жағдайларында, сондай-ақ төзімділікті, спорттық және салауатты өмір салтын талап ететін жағдайларда жылдам әрекет ету және кедергілерді жеңу үшін қажетті физикалық қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған.

11. Өрт-құтқару даайындығы өрт, авариялық-құтқару техникасымен, өрт-техникалық қару-жарақпен және жабдықтармен жұмыс істеудің неғұрлым ұтымды және тиімді әдістер мен тәсілдерін саналы және шебер орындауды қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2024 жылғы 2 ақпандағы
№ 34 бұйрығына
2-қосымша

Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің кәсіби қызметтік (кәсіби) және дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің кәсіби қызметтік (кәсіби) және дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 36-бабының 3-тармағына, 5-бабының екінші бөлігіне, сондай-ақ "Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 170) тармақшасына сәйкес әзірленді және азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің (бұдан әрі – қызметкерлер мен әскери қызметшілер) кәсіби қызметтік (кәсіби) және дене шынықтыру дайындығын (бұдан әрі – кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығы) ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалардың күші Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі білім беру ұйымының (бұдан әрі – білім беру ұйымы), (оқу орталықтары) курсанттарына, магистранттарына, докторанттарына, тыңдаушыларына және Қазақстан

Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің мерзімді әскери қызметінің әскери қызметшілеріне (бұдан әрі – әскери бөлімдер) қолданылмайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.09.2025 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығы қызметкерлер мен әскери қызметшілердің қызмет өткеру орны бойынша жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің (бұдан әрі - ТЖМ) бастықтары, ТЖМ ведомстволарының төрағалары, аумақтық органдардың, мемлекеттік мекемелердің, сондай-ақ білім беру ұйымдарының бастықтары, әскери бөлімдердің командирлері қызметкерлер мен әскери қызметшілердің кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығын уақтылы және сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

4. Кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығы бойынша сабақтарды ұйымдастыру үшін:

ТЖМ аппараты мен ведомстволарында – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығы шығарылады;

ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметтерінде (бұдан әрі – ӨС және АҚЖҚ) – ӨС және АҚЖҚ бастығының немесе оның міндеттерін атқарушының бұйрығы шығарылады;

әскери бөлімдерде – әскери бөлімдер командирінің немесе оның міндеттерін атқарушының бұйрығы шығарылады;

білім беру ұйымдарында – білім беру ұйымдары бастығының немесе оның міндеттерін атқарушының бұйрығы шығарылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.05.2025 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1. Қызметкерлер мен әскери қызметшілер кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығы бойынша сабақтан мынадай дәлелді себептермен босатылады:

1) кезекшілікте (нарядта), еңбек демалысында, іссапарда болуы, сырқаты бойынша қызметте болмауы;

2) төтенше жағдайларды (өртті, су тасқынын, дүлей және техногендік зілзалаларды) жою бойынша жедел штабтың жұмысына қатысу;

3) орындаудың қысқа мерзімдерімен ерекше маңызы бар және күрделілігі бар тапсырмаларды (құжаттарды) орындау;

4) медициналық тексеруден өтуге (куәландырудан) және (немесе) дәрігердің қабылдауында болу.

Осы тармақта көрсетілген мән-жайлар құжатпен расталуы тиіс (бұйрықтар, қызметтік жазбалар, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақтар).

Осы Қағидалардың осы тармағында аталған тұлғалар өткен материалды өз бетінше зерделейді және кәсіби қызметтік дайындық жөніндегі дәптерлерге конспектілерді енгізеді.

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Қызметкерлер мен әскери қызметшілердің кәсіби қызметтік (кәсіби) және дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру тәртібі

1-Параграф. Қызметкерлер мен әскери қызметшілерді кәсіби қызметтік (кәсіби) дайындауды ұйымдастыру тәртібі

5. Кәсіби қызметтік дайындық – қызметкерлер мен әскери қызметшілерге жүктелген қызметтік міндеттерді ойдағыдай орындау үшін қажетті кәсіби білімді, іскерлікті және дағдыларды игеру мен ұдайы жетілдірудің ұйымдастырылған және мақсатты процесі болып табылады.

Қарауылдық (ауысымдық) қызмет атқаратын қызметкерлерге кәсіби қызметтік дайындық бойынша сабақтар "Өртке қарсы қызметтің жұмыс жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 445 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15422 тіркелген) (бұдан әрі – № 445 бұйрық) Өртке қарсы қызметтің жұмыс жарғысының 11-қосымшасына сәйкес өртке қарсы қызмет бөлімшесі қарауылының күн тәртібімен айқындалатын оқу сағаттары шеңберінде өткізіледі.

6. Қызметкерлер мен әскери қызметшілерді кәсіби қызметтік дайындау жұмысын ұйымдастыру және дайындау мен өткізуді бақылау азаматтық қорғау органдарының кадр қызметтеріне (бұдан әрі – кадр қызметі), ал әскери бөлімдерде – жауынгерлік дайындық бөлімшелеріне жүктеледі.

Қарауылдық (ауысымдық) қызмет қызметкерлерін дайындау және кәсіби қызметтік дайындауды жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастыру № 445 бұйрықпен айқындалады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.09.2025 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Кәсіби қызметтік дайындық бойынша сабақтарды өткізуге қызметкерлер, әскери қызметшілер, жұмыскерлер (әкімшілік мемлекеттік және азаматтық қызметшілер), азаматтық қорғау органдарының құтқарушылары, сондай-ақ білім беру ұйымының профессорлық-оқытушылық құрамы тартылады.

Өзге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметкерлерін, сондай-ақ өзге де білім беру ұйымдарының профессорлық-оқытушылық құрамын және басқа да

адамдарды кәсіби қызметтік дайындау бойынша сабақтарды өткізуге (келісім бойынша) сабақтардың тақырыбы бойынша тартуға жол беріледі.

8. Кәсіби қызметтік дайындық бойынша сабақтар қаңтардан – қыркүйекке дейін қоса алғанда (бұдан әрі - оқу жылы) өткізіледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Кадр қызметі немесе жауынгерлік дайындық бөлімшелері тоқсан сайын азаматтық қорғау органдарының құрылымдық бөлімшелерінің ұсынысы негізінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлер мен әскери қызметшілерді кәсіби қызметтік дайындау бойынша сабақтар өткізудің тақырыптық жоспарын (бұдан әрі – жоспар) қалыптастырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.09.2025 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Кәсіби қызметтік дайындық бойынша сабақтар кемінде екі тақырыпты қамти отырып, айына кемінде екі рет өткізіледі.

11. Кәсіби қызметтік дайындық шеңберінде сабақтар қызметкерлер мен әскери қызметшілердің қатысуымен акт залдарында, оқу (дәріс) сыныптарында (кабинеттерде) осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіби қызметтік дайындық жөніндегі дәптерлерде әр қызметкер мен әскери қызметшінің конспектілер жүргізе отырып дәріс түрінде дәріс түрінде өткізіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Саптық дайындық бойынша практикалық сабақтар нұсқау (тапсырма) бойынша жоспардан тыс үш айда кемінде бір рет өткізіледі:

Министрдің – ТЖМ аппараты мен ведомстволарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің қатысуымен ТЖМ саптық плацында және азаматтық қорғаныс бөлімшесімен бірге кадр қызметімен өткізіледі;

ТЖД бастығының – ТЖД қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің және білім беру ұйымдарының оқу орталықтарының қатысуымен ТЖД саптық плацтарында және бөлімшесі азаматтық қорғаныс бөлімшесімен бірге кадр қызметімен өткізіледі;

ТЖ(Б)Б бастығының – ТЖ(Б)Б қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің қатысуымен ТЖ(Б)Б саптық плацтарында және ТЖ(Б)Б бастықтары жүргізеді;

ТЖД, ТЖ(Б)Б өрт сөндіру бөлімдері (мамандандырылған), бекеттері мен отрядтары бастығының - осы бөлімшелер қызметкерлерінің қатысуымен саптық плацтарда өткізіледі және өрт сөндіру бөлімдерінің (мамандандырылған), бекеттер мен отрядтардың бастықтары өткізеді;

білім беру ұйымы бастығының – білім беру ұйымы қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің қатысуымен білім беру ұйымының саптық плацтарында азаматтық қорғаныс және әскери дайындық кафедрасымен өткізіледі;

әскери бөлімдер командирлерінің – әскери бөлімдер әскери қызметшілерінің қатысуымен әскери бөлімдердің саптық плацтарында және жауынгерлік дайындық бөлімшесімен өткізіледі.

Бұл ретте саптық дайындық бойынша практикалық сабақтардың өткізілуін бақылауды азаматтық қорғау органдарының кадр қызметтері жүзеге асырады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.09.2025 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Арнайы және әлеуметтік-құқықтық дайындық бойынша сабақты жоспардан тыс сабақтардың тақырыптары бойынша белгілі бір адамдардың не азаматтық қорғау органдарының құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен жеке нысанда өткізуге жол беріледі.

14. Арнайы, әлеуметтік-құқықтық және саптық дайындық (практикалық сабақты қоспағанда) бойынша ТЖД, ТЖБ(Б) өрт сөндіру (мамандандырылған) бөлімдерінің, бекеттердің, жасақтарының қызметкерлерімен және әскери қызметшілерімен қашықтықтан бейнебайланыс құралдары арқылы сабақтар өткізуге жол беріледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Бекітілген жоспарға сәйкес, сабақ басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті тақырып бойынша жауапты бөлімше кадр қызметіне кәсіби қызметтік дайындық бойынша материалды (бұдан әрі - материал) ұсынады.

16. Материалды жауапты бөлімшенің қызметкері мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындайды. Визуалды қабылдау үшін материал компьютерлік бағдарламаларды немесе фото-видео материалдарды қолдана отырып презентация жасаумен бірге жүреді.

Азаматтық қорғау органдарының құрылымдық бөлімшелерінің бастықтары кадр қызметіне немесе жауынгерлік дайындық бөлімшесіне ұсынылатын материалдарды сапалы дайындауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Кадр қызметтері немесе жауынгерлік дайындық бөлімшелері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысу журналын жүргізе отырып, қызметкерлер мен әскери қызметшілердің ұсынылатын материалдардың сапасын және сабаққа қатысуын бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.09.2025 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен

соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Кәсіби қызметтік дайындық процесінде пайдаланылатын материалдар кадр қызметінде немесе жауынгерлік дайындық бөлімшелерінде электрондық ақпарат тасығыштарда (дискілер, есте сақтау құрылғылары, қатты дискілер) сақталады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-Параграф. Қызметкерлер мен әскери қызметшілердің кәсіби дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру тәртібі

22. Кәсіби дене шынықтыру дайындығын:

- 1) ТЖМ аппараты мен ведомстволарында, ТЖД, ТЖ(Б)Б – кадр қызметі;
- 2) ТЖД, ТЖ(Б)Б өрт сөндіру бөлімдерінде (мамандандырылған), бекеттері мен жасақтарында – өрт сөндіру бөлімдерінің (мамандандырылған), бекеттері мен жасақтарының бастықтары;
- 3) әскери бөлімдерде – жауынгерлік дайындық бөлімшесі;
- 4) ТЖМ білім беру ұйымында – өрт-құтқару және дене шынықтыру дайындығы кафедрасы ұйымдастырады.

Кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығы бойынша сабақтарды ұйымдастыру туралы бұйрықтарда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіби дене шынықтыру дайындығы бойынша сабақтарды өткізу кестесі бекітіледі.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.09.2025 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Кәсіби дене шынықтыру дайындығы күнделікті қызметте қызметтік міндеттерді орындау үшін қызметкерлер мен әскери қызметшілерде қажетті дене дағдыларын қалыптастыруға бағытталған спорттық сабақтар кешені және өрт-құтқару дайындығы бойынша нормативтерді пысықтауды білдіреді.

24. Кәсіби дене шынықтыру дайындығы бойынша сабақтарда дене бітімі мен ептілікті сақтау мақсатында кәсіби дене шынықтыру дайындығы бойынша дене шынықтыру жаттығулары орындалады.

Кәсіби дене шынықтыру дайындығы бойынша дене шынықтыру жаттығулары осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес айқындалады және жіктеледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.09.2025 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Кәсіби дене шынықтыру дайындығы бойынша сабақтар күнтізбелік жыл ішінде жергілікті жағдайлар мен азаматтық қорғау органдарының материалдық базасын ескере отырып, қызметтік уақыт есебінен аптасына кемінде екі рет бір жарым сағаттан өткізіледі.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Осы Қағидалардың 22-тармағында санамаланған бөлімшелер (тұлғалар) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысу журналын жүргізе отырып, қызметкерлер мен әскери қызметшілердің сабақтарға қатысуын бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.09.2025 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26-1. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Қызметкерлер мен әскери қызметшілердің кәсіби қызметтік (кәсіби) және дене шынықтыру дайындығының деңгейін айқындау тәртібі

Ескерту. 3-тараумен толықтырылды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Қызметкерлер мен әскери қызметшілердің кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығының деңгейін айқындау үшін мынадай тексерулер жүргізіледі:

- 1) аралық тексеру – мамыр-маусым айларында;
- 2) қорытынды тексеру - қараша-желтоқсан айларында;
- 3) инспекторлық тексеру – кешенді, бақылау және қорытынды тексерулер шеңберінде.

35. Тексеру:

1) кәсіби қызметтік дайындық бойынша – қызметкерлер мен әскери қызметшілердің арнайы және әлеуметтік-құқықтық дайындықтан өткен тақырыптарды білуге арналған тестілеуді (бұдан әрі - тестілеу) тапсыру;

2) кәсіби дене шынықтыру дайындығы бойынша - қызметкерлер мен әскери қызметшілердің осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес кәсіби дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсыру нысандарында жүргізіледі.

36. Қызметкерлер мен әскери қызметшілер тексерулерден мынадай дәлелді себептер бойынша босатылады:

- 1) кезекшілікте (нарядта), еңбек демалысында, іссапарда болуы, сырқаты бойынша қызметте болмауы;
- 2) төтенше жағдайларды (өртті, су тасқынын, дүлей және техногендік зілзалаларды) жою бойынша жедел штабтың жұмысына қатысу.

Осы тармақта көрсетілген мән-жайлар құжатпен расталуы тиіс (бұйрықтар, қызметтік жазбалар, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақтар, кезекшілік кестелері).

Осы тармақта көзделген дәлелді себептер бойынша кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығы бойынша тексеруге қатыспаған қызметкерлер мен әскери қызметшілер қызметке шыққаннан соң бір ай ішінде тексеруден өтеді.

Бұл ретте, медициналық мекемелер беретін медициналық анықтамалардың негізінде дене шынықтырудан босатылымы бар қызметкерлер мен әскери қызметшілер медициналық анықтамалардың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап бір ай ішінде кәсіби дене шынықтыру дайындығы бойынша тексеруден өтеді.

37. Тестілеу қызметкерлер мен әскери қызметшілердің таңдауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде қағаз форматта жүргізіледі.

38. Кадр қызметі немесе жауынгерлік дайындық бөлімшесі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп тестілеу сұрақтарын дайындайды.

39. Тестілеуді өткізу алдында кадр қызметі немесе жауынгерлік дайындық бөлімшесі тестілеуді өткізу туралы нұсқама өткізеді.

40. Қызметкерлерге және әскери қызметшілерге тестілеуден өту кезінде:

- 1) қабылдаушы, таратушы электрондық құрылғылар мен байланыс құралдарын алып жүру және пайдалануға;
- 2) кәсіби қызметтік дайындық материалдарын пайдалануға;

3) басқа адамдармен сұрақтарға кеңестер алу немесе беру мақсатында келіссөздер жүргізуге жол берілмейді.

41. Осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген талаптар бұзылған жағдайларда еркін нысанда акт жасалына отырып, тестілеуден өтудің қанағаттанарлықсыз нәтижесін бере отырып, қызметкерлер мен әскери қызметшілер одан әрі тестілеуден шеттетіледі.

42. Арнайы және әлеуметтік-құқықтық дайындықтан өткен тақырыптарды білуге арналған тест сұрақтарының саны – 20 сұрақты құрайды.

43. Тестілеудің жалпы уақыты - 30 минут.

44. Тестілеу нәтижелерін кадр қызметі немесе жауынгерлік дайындық бөлімшесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада береді, тестілеу нәтижелерінің бір данасы қызметкерге немесе әскери қызметшіге беріледі, екіншісі кадр қызметінде немесе жауынгерлік дайындық бөлімшесінде сақталады.

45. Тестілеу шегі дұрыс жауаптардың кем дегенде 50% құрайды.

46. Егер тестілеу бойынша қызметкер немесе әскери қызметші шекті мәнге ие болмаса, онда тестілеу өтпеген болып есептеледі.

